



## Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы Алматы-Гүлшат жолының жобасына арналған заем туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 28-II

Алматыда 1999 жылғы 19 мамырда жасалған Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы Алматы-Гүлшат жолының жобасына арналған заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы-Гүлшат жолының жобасына арналған

Қазақстан Республикасы

мен

Ислам Даму Банкі

арасындағы

Заем туралы келісім

"Алматы-Гүлшат автожолының" жобасына байланысты

Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы

заем туралы келісім

Осы Келісім 1999 жылдың 19 мамырына сәйкес келетін Хиджраның 1420 жылының Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - "Заемшы" деп аталады) мен Ислам Даму Банкі (бұдан әрі - "Банк" деп аталады) арасында жасалды.

(A) Бұл туралы бұдан әрі айтылатыныңдай Заем бере отырып, сипаттамасы осы Қосымшаның II қосымшасында келтірілген "Алматы-Гүлшат автожолы" Жобасының (бұдан әрі - "Жоба") құнын шетел валютасында қаржыландыру бөлігіне көмек көрсету өтінімімен Банкке Заемшы жүгінгенін;

(B) Банктің негізгі мақсаттарының бірі елдерге - оның мүшелеріне

сындарлы жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруға арналған заемдарды беру жолымен көмек көрсету болып табылатындығын;

(С) Жоба техникалық тиімді, экономикалық және қаржылық көзқарас түрғысынан негізделген деп қаралатындығын;

(Д) Банк, атап айтқанда, жоғарыда айтылғандар негізінде Заемшыға төменде айтылатын шарттармен және ережелермен Заем беруге келісімін бергендейгін Назарға ала отырып,

Тараптар осы Келісімде, Жоғарыда айтылғандардан шыға отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

#### I-Бап

Жалпы ережелер, айқындаамалар

##### 1.01-Бөлім

Жалпы ережелер

Тараптар осы Келісімде Заем туралы Келісімге қолданатын Жалпы Ережелердің барлық ережелері және Банктің 08.11.1976 жылғы Кепілі (бұдан әрі "Жалпы Ережелер" деп аталады) егер олар осы Келісімде толық айтылғанындей болса, сондай күшпен және іс әрекетпен қатысады.

##### 1.02-Бөлім

Айқындаамалар

Айқындаамасы Жалпы Ережелерде берілген бірқатар терминдер әр кез осы Келісімде пайдаланылғанда, егер контекст өзгелерді талап етпесе, оларда көрсетілген тиісті мағынаға ие болады және келесі қосымша терминдер мынадай мағынаны білдіреді:

а) "Күшіне енген күн" Келісімде күшіне енген күн деп Банк жариялаған,

ол туралы Заемшыға Банк хабарлаған күнді білдіреді;

б) "Ұйым-Атқарушы" Жобамен істелетін жұмысқа және оларды басқаруға жауапты Ұйым-Атқарушы болып табылатын Көлік, Коммуникациялар және Туризм министрлігін білдіреді.

с) "Жоба" және оның "бөлігіне" деген сілтеме Жобаны және сипаттамасы осы Қосымшаның II қосымшасында келтірілген оның бөлігін білдіреді.

II-Бап

Заем

2.01-Бөлім

Сомасы

Банк Заемшиға барлығы 7.000.000-нан (жеті миллион ислам динарынан)

аспайтын ислам динарына аударылған оның әдеттегі қаражаттарының сомасын беруге келісім береді. Банкті Құру туралы келісімнің 4 (1) (а)-бабының айқындамасына сәйкес ислам динары халықаралық Валюта Қорының Бір Арнаулы Құқығына тең.

2.02-Бөлім

Банк өзге шешім қабылдағаннан басқа жағдайларда осы Заемның қаражаттарынан қаржыландырылатын тауарларға және қызметтер көрсетуге арналған келісімшарттар Банк белгілеген ресімдерге сәйкес сатып алынады. Банк Заемшиға осы ресімдерді сақтауға міндеттеме береді.

III-Бап

Заемды бөліп-бөліп өтеу, қызмет көрсеткені үшін  
төленетін төлем және төлем төленетін орын

3.01-Бөлім

Заемды бөліп-бөліп өтеу

Осы Қосымшаның I(A) қосымшасында айтылғанындей, отыз алтыға (36) тең және жарты жылдық жарналармен бірінен соң бірі төленетін, осы Келісім күнінен басталатын, ұзақтығы жеті (7) жылдық жеңілдік берілген кезеңді қоса алғанда, Заемши Заемның негізгі сомасын жиырма бес (25) жыл ішінде өтейді.

### 3.02-Бөлім Қызмет көрсеткені үшін төленетін төлем

(а) Осы Қосымшаның I(B) қосымшасында айтылғанындей, барлық тәсілдермен 365,165 ислам динарымен (үш жұз алпыс бес мың жұз алпыс бес ислам динарымен) бастапқы бағасы бағаланатын сомада Заемшы Банкке Көрсетілген қызметтерге Төлем төлеуді жүргізеді.

(б) Осы Келісімнің 3.02 (а) ішкі бөлімінде айтылған Қызмет көрсеткені үшін бастапқы сома деп осы Келісімде тараптар арасында ұғынылады және келісім беріледі, мұның осы Келісімде көзделгеніндей Заемның толық сомасының орындалу мерзіміне және төлеу мерзіміне болжамдануға негізделген бағалаудан аспайды. Одан басқа, осылайша есептелеңтін іс жүзіндегі сома жылына Заем сомасынан 2,5 % (екі бүтін оннан бес процент) аспаған жағдайда, Жоба орындалғаннан кейін Қызмет көрсеткені үшін Төленетін төлемдердің сомасына келісім беріледі.

(а) Қызмет көрсеткені үшін Төленетін төлем осы Келісімге қол қойылған күннен бастап есептеледі.

### 3.03-Бөлім Төлем төленетін орын

Негізгі соманы қамтитын кез-келген төлем, егер мұндай төлемдерді құрайтын қаражаттар осында мақсаттар үшін Банк көрсеткен шоттардың кредитіне жазылған жағдайда, тиянақты түрде жүргізілді деп саналады.

### 3.04-Бөлім

3.03-бөлім ережелерінің іс-әрекеттері үшін зиян келтірмей осы Келісімге сәйкес кез-келген төлем:

(а) егер мұндай төлем АҚШ долларымен Ислам Даму Банкінің шотына оның:

(i) Account N 001591.11      (i) Сауд Аравиясы Халықаралық  
Saudi International Bank      Банкінің шоты N 001591.11

99, Bishopsgate, London 99, Бишопсгейт, Лондон

EC 2M 3TB

Nelex Numbers: 8812261  
8812262

(ii) Account N B 10507

Arab Banking Corporation (ii) Араб Банктік Корпорациясының  
шоты N 10507

P.O. Box: 5698. Manama, Почта Абонементтік Жәшігі:

Bahrain 5698, Манама, Бахрейн

Telex Numbers: 9385, Телекс нөмірлері: 9385,  
9431/2/3, 9442 ABCBAH BN 9431/2/3,  
9442  
ABCBAH BN

жасалса - егер мынадай банктердің ішінен қандай да бірі мұндай  
төлемнің алынған сомасын Ислам Даму Банкіне растиған жағдайда:

(b) Егер мұндай төлем француз франкімен жүргізілсе - егер келесі банк  
оның:

Account N 96965.9.001.00 Араб және Француз Банктері  
Union De Banques Arabes Et Одағының шоттары  
Francaises (U.B.A.F) N 96965.9.001.00  
190 Avenue Charles De Gaulle 190 Аваню Шарль де Голль  
92523 Neuille Cedax, France 92523 Нойи Седекс, Франция  
telex Number: 610334 UBAFRA Телекс нөмірлері: 610334  
UBAFRA

Ислам Даму Банкінің шотына осындай төлемдердің алынған сомасын Ислам  
Даму Банкі растиған жағдайда;

(b) Егер мұндай төлем фунт стерлингпен жүргізілсе - егер келесі банк  
оның:

Account N 708372 Gulf Халықаралық Банктің шоты  
Gulf International Bank N 708372  
2-6 Canjn Street Кэнон көшесі 2-6  
London EC 4M 6XP Лондон EC 4M 6XP

Telex Numbers: 8813326  
8812889

Телекс нөмірлері: 881326  
8812889

Ислам Даму Банкінің шотына осындай төлемдердің алынған сомасын Ислам Даму Банкі растиған жағдайда тиянақты турде жүргізілді деп саналады.

IY-Бап

Заем қаражаттарын алу және пайдалану

4.01-Бөлім

Қаражаттарды алу

III-қосымшаға және осы Келісімнің басқа да ережелеріне, Жалпы Ережелерге және осы Келісімге сәйкес талап етілетін және қаржыландырылатын тиісті тауарлар мен қызмет көрсетулерге қатысты орын алатын шығыстар бойынша осы Келісімде баяндалған мақсаттар үшін Банктің Төлем Ресімдеріне

сәйкес Заем сомасы алынуы мүмкін.

4.02-Бөлім

Алғашқы төлемді сұрау күні

Күшіне Енген Күнінен және Заемшы мен Банк арасындағы келісілген осындай біршама кеш мерзімнен бастап 180 күн ішінде алғашқы төлемді жасауға Банк сұрау бермесе Банк Заемшиға жасаған алғашқы тиянақты хабарламасы бойынша осы Келісімнің әрекетін Банк тоқтатуы мүмкін.

4.03-Бөлім

Қорытынды күн

2002 жылдың 31 желтоқсанында немесе Заемшы мен Банк арасындағы келісілген осындай біршама кеш мерзімде Жалпы Ережелердің 6.03-мақсаттары үшін Заем қаражаттары алынған қорытынды күн болып табылады.

4.04-Бөлім

## Заем қаражаттарын пайдалану

Заем Шотынан Заемшы алатын барлық сомалар Банк қаржыландыратын Жобаның мақсаттары үшін ғана пайдаланылады.

Y-Бап  
Жобаның орындалуы

### 5.01 -Бөлім

Заемшы:

- а) Жобаны орындауға және басшы тұлғалар мен мамандардың білікті қадағалауымен және қажетті жұмыс тәжірибелеріне ие әкімшілік, қаржылық, инженерлік және экономикалық тәжірибеге сәйкес тиісті талаптар мен қол жеткен көзделген нәтижелерді сақтай отырып және Банкке берілген және ол мақұлдаған, Жобаға қатысты инвестициялар кестесіне, шығыстар сметасына, жоспарларға және техникалық шарттарға сәйкес Ұйым-Атқарушы арқылы өз жұмысы мен ісін жүргізуге;
- (б) Жобаның шығыстар сметасында, жоспарларында және техникалық шарттарда кез-келген көзделген маңызды өзгерістерді, сондай-ақ жобаның орындалуына қатысты қызмет көрсетулер немесе тауарларды сатып алу туралы қандай бір келісімшарттағы кез-келген өзгерістерді Банк негізден сұрап алуды мүмкін тиянақтылықпен оның мақұлдауына Банкке ұсынуға міндеттенеді.

### 5.02-Бөлім

Осы Келісімге сәйкес оның қандай да бір міндеттемелерін ешқандай шектемей немесе жеңілдетпей Жобаны орындауға қатысты қызметтер көрсету немесе тауарлар сатып алу туралы қандай да бір келісімшарттағы келісілген мерзімнің кез-келген маңызды өзгеруіне немесе кез-келген өзгерістерге немесе кез-келген ұзартуға қажетті комментарийді Заемшы Банкке береді.

YI-Бап  
Банктің қаражаттарды төлеудегі алдын-ала  
қосымша шарттары

## 6.01-Бөлім

Заемшы Заем қаражаттарын алуға деген алғашқы өтінімге дейін осы Келісімнің 2.02-бөліміне сай бәсекелестік сауда-саттыққа байланысты ол сақтауды ұсынған немесе оның сақталуын қамтамасыз ететін ресімді көрсетеді және Банк тарапынан оның мақұлдауын алады.

YII-Бап  
Ерекше шарттар

## 7.01-Бөлім

Жергілікті валюта құнының сомасымен және Банк үшін қолайлы шарттармен және ережелермен Жобаның орындалуы үшін талап етілетін құнынан асатын соманы қоса алғанда, барлық соманы қажет болуына орай Заемшы тез арада береді.

## 7.02-Бөлім

Банк өзге шешімдерді қабылдағаннан басқа жағдайларда, тек Банктің мүше-елдері қатысатын халықаралық бәсекелестік сауда-саттық арқылы, Жобаны орындау үшін осы Заемның қаражаттарынан қаржыландырылатын барлық шарттарды жасасады. Құны ислам динарымен есептегендеге жүз елу мың (150,000) сомадан асатын кез-келген келісімшартты жасасуға қатысты оны алдын-ала мақұлдауы үшін Заемшы Банкке жүгінеді.

## 7.03-Бөлім

Зерттеу материалдарын және Жобаның жоспары мен техникалық шарттарын, оның орындалу кестесін және Банк кезең-кезеңімен сұраған реттілікпен енгізілген кез-келген маңызды өзгерістерді Заемшы мақұлдаса, тез арада оларды Заемшы Банкке береді.

## 7.04-Бөлім

Заемшы оларды Жобада пайдалануда ашу үшін Заем қаражаттарынан қаржыландырылатын тауарларды сәйкестендіруге арналған белгіленген талаптарға жауап беретін есеп құжаттарын, Жобаның орындалу барысының есебін және

Ұйым-Атқарушы қызметінің және қаржылық жағдайының тұрақты қолданылатын ұқыпты практикалық есептемесіне сәйкес көрініс табуын бекітеді және жүргізеді.

#### 7.05-Бөлім

Заемшы Заемға байланысты мақсаттар үшін сапарға шығуға Банктің уәкілетті өкіліне барлық тиісті мүмкіндіктерді береді және Жобаның орындалуын, тауарлар мен тиісті есептік жазбаларды және құжаттарды тексереді; және Заем қаражаттарының шығыстарына, Жобаға, тауарларға және Ұйым-Атқарушының қызметі мен қаржылық жағдайына қатысты Банк негізден սұраған барлық осындай ақпаратты Банкке береді.

#### 7.06-Бөлім

Заемшы Жобаның орындалу және жұмыстарының мақсаттары үшін Банкке қолайлы нысандағы және мазмұндағы қағидалар мен ережелерге сай Ұйым-Атқарушының тұрақты жұмыс істеуіне тиісті шаралар қабылдауға және Жобаның жеткілікті және табысты орындалуына қажетті болатынындай істі жүргізуге міндеттенеді.

#### 7.07-Бөлім

Заемшы Заем қаражаттарынан қаржыландырылатын барлық тауарларды сақтандырады немесе танылған сақтандырушулыардың сақтандыруын қамтамасыз етеді. Мұндай сақтандыру Заемшы аумағындағы сатып алу мен әкелуге байланысты теңіз, транзиттік және басқа да тәуекелдерді жабады. Жоба мен оның сомасы пайымды практикалық коммерциямен келісетіндей болып табылады. Мұндай сақтандыру Компанияда тауарлар сақтандыру қаражаттары шетел валютасында төленетіндей болып сақтандырылатындығына негізделе отырып Сақтандырушының Заңдарына сәйкес қамтамасыз етілетін болады.

#### 7.08-Бөлім

Заемшы Жобаны орындау үшін осылайша ұсынуға және талап етілетін кез-келген мұндай жер участесіне және жер участесіне қатысты құқыққа мұның қажет болған жағдайында да қажет деп саналатын, барлық осындай шараларды қолданады және Жобаға байланысты мақсаттарға қолайлы мұндай жер участесінің және жер участесіне қатысты құқықтың Банк үшін ыңғайлы

растаманы оның сұрауы бойынша Банкке береді.

## 7.09-Бөлім

Заемшы Ұйым-Атқарушыға Жобаны орындауға мүмкіндік беру үшін оның тарапынан қажетті болып саналатын барлық шараларды қолданады және Жобаның орындалуына және жұмыстарға немесе осы Келісімнің кез-келген ережесінің орындалуына бөгет болатын немесе кедергі келтіретін кез-келген шараларға жол бермейді.

## 7.10-Бөлім

Барлық құжаттарды, жазбаларды және ұқсас материалдарды Банк пен Заемшы құпия қарастырады.

YIII-Бап  
Есептемелер

## 8.01-Бөлім

(a) Заем мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету үшін Заемшы мен Банк толық ынтымақтастықта болады. Осы мақсаттармен олардың әрқайсысы Заемның жалпы жағдайына қатысты негіздел сұрайтын барлық осындай ақпаратты екіншісіне береді. Заемшы тарапынан осындай ақпарат Заемшы аумағындағы қаржылық және экономикалық ережелер мен оның төлем балансының жағдайына қатысты ақпаратты қамтиды.

(b) Заемшы мен Банк олардың кез-келгенінің сұрауы бойынша Заемның мақсаттарына, осы Келісімге сәйкес оған қызметтер көрсетуді жүргізуге және Заемшының өзінің міндеттерін орындауға қатысты мәселелерге байланысты өздерінің өкілдері арқылы пікір алмасуды жүргізеді.

## 8.02-Бөлім

(a) Олардың әрқайсысы үшін көрсетілген мерзімде Банк үшін қолайлышты мұнадай құжаттарды Банкке беруге және беруді қамтамасыз етуге Заемшы міндеттенеді:  
i - Әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін 45 (қырық бес) күн ішінде немесе тараптар келіскең осындай басқа мерзім ішінде Банк кезең-кезенде осылайша анықтауы

мүмкін Жобаның орындалуы туралы есептерді;

ii - Төленетін Заем сомасын инвестициялауға және Жобаның орындалу барысына қатысты Банк негізден сұрап алуы мүмкін осындай басқа есептерді;

iii - Жоба аяқталғаннан кейін тез арада, бірақ кез-келген жағдайда Қорытынды Күннен кейін алты айдан немесе Заемшы мен Банк арасында осы мақсаттар үшін келісілген осындай біршама кеш мерзімнен кешіктірмей Жобаның орындалуы және бастапқы жұмыстары туралы Банк негізден сұраған көлемдегі және егжей-тегжейлі есепті Заемшы Банкке әзірлейді және береді.

(b) Сипаттамасы осы Бөлімде келтірілген құжаттар Банк негізден сұрап алғындағы етіп Банктің қалауы бойынша расталады.

IX-Бап  
Күшіне енуі

Осы Келісім:

(A) (1) Заемшы атынан осы Келісімді әзірлеуді және беруді Қазақстанның Парламенті жеткілікті түрде әзірлеп немесе мақұлдаپ Банк үшін қолайлы растауды бергеннен;

Заемшы Банк үшін қолайлы Занды Қорытындыны, Заем туралы Келісімнің мақұлданғандығы және Заемшы атынан тиісті түрде қол қойылғандығы айтылған деректерді Қазақстанның Әділет министрлігіне бергеннен;

(B) Қаржы министрлігінің немесе Үкіметтің уәкілетті органы қандай да бір өзгеше тиісті түрде Орталық Банкке немесе осы Келісімге сәйкес Үкімет тарапынан төлемдерді және Заем үшін комиссияға және қызметтер көрсетуге қатысты жарналарды төлеуді Орталық Банк немесе оларды төлеу мерзімі жеткенде Орталық Банктің функцияларын орындастырын мекеме жүргізгендігі туралы жоғарыда аталған банкке тапсырма бере отырып Орталық Банктің функциясын орындастырын мекемеге Рұқсат-Хатты бергеннен кейін ғана күшіне енеді.

X-Бап

Келісімнің күшіне енбей себебінен оның әрекетінің

## ТОҚТАЫЛУЫ

Егер Келісімге қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде Келісім қүшіне енбесе, егер Банк кешіктірілудің барлық себептерін қарағаннан кейін осы Баптың мақсаттары үшін біршама кеш мерзім деп белгілемесе, осыған байланысты тараптардың барлық міндеттемелері тоқтатылады. Осындай біршама кеш мерзім туралы Банк тез арада Заемшыны хабардар етеді.

# XI-Бап

## Өзге де ережелер

11.01-Бөлім  
Үәкілетті өкілдер

Заемшының Көлік, Коммуникациялар және Туризм Министрі және ол оны (-оларды) жазбаша нысанда тағайындаған мұндай тұлға немесе тұлғалар Жалпы Ережелердің 10.03-бөлімнің мақсаттары үшін Заемшының уәкілетті өкілдері ретінде тағайындалады.

11.02-Бөлім  
Келісім жасалатын күні

Осы Келісімнің мақсаттары үшін оның Kіріс Бөлігінде көрсетілген күн оның күні болып табылады.

## 11.03-Бөлім Мекен-жайлар

## Заемшының мекен-жайы:

# Ministry of Finance      Қаржы министрлігі

## Astana Астана

## Kazakhstan

Telex: 264126 (ILIN) Телекс: 264126 (FILIN)

Telefax: 007-3272-280321      Телефакс: 007-3272-280321

Ислам Даму Банкінің мекен-жайы:

Осыларды растай отырып Банк пен заемшы әрқайсысы өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ете отырып, жоғарыда көрсетілген күні және жылы ағылшын тіліндегі осы Келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасы      Ислам Даму Банкі үшін  
үшін және атынан                  және атынан

## I (A) Қосымша

## Негізгі соманы өтеу

Елі : Қазақстан Республикасы  
Жоба : "Алматы-Гүлшат автожолы" жобасы  
Заем сомасы : 7,000,000/-исlam динары  
Заем кезеңі : 25 жыл  
Женілдік кезеңі : 7 жыл  
Қызмет көрсеткені үшін төлем: 365,165/-исlam динары

## Рет Саны Мерзімі Негізгі Сомасы (ислам динарымен)

1	2006 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
2	2007 жылдың 30 маусымы	194,444
3	2007 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
4	2008 жылдың 30 маусымы	194,444
5	2008 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
6	2009 жылдың 30 маусымы	194,444

7	2009 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
8	2010 жылдың 30 маусымы	194,444
9	2010 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
10	2011 жылдың 30 маусымы	194,444
11	2011 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
12	2012 жылдың 30 маусымы	194,444
13	2012 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
14	2013 жылдың 30 маусымы	194,444
15	2014 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
16	2014 жылдың 30 маусымы	194,444
17	2015 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
18	2016 жылдың 30 маусымы	194,444
19	2016 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
20	2017 жылдың 30 маусымы	194,444
21	2017 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
22	2018 жылдың 30 маусымы	194,444
23	2018 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
24	2019 жылдың 30 маусымы	194,444
25	2019 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
26	2020 жылдың 30 маусымы	194,444
27	2020 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
28	2021 жылдың 30 маусымы	194,444
29	2021 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
30	2022 жылдың 30 маусымы	194,444
31	2022 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
32	2023 жылдың 30 маусымы	194,444
33	2023 жылдың 31 желтоқсаны	194,444
34	2024 жылдың 30 маусымы	194,444

Жиыны: 7,000,000

### I (B) Қосымша

Негізгі соманы өтеу

Елі : Қазақстан Республикасы  
 Жоба : "Алматы-Гүлшат автожолы" жобасы  
 Заем сомасы : 7,000,000/-ислам динары

Заем кезеңі : 25 жыл

Женілдік кезеңі : 7 жыл

Қызмет көрсеткені үшін төлем: 365,165/-ислам динары

## Рет Саны Мерзімі

## Негізгі Сомасы (ислам динарымен)

1	1999 жылдың 31 желтоқсаны	14,607
2	2000 жылдың 30 маусымы	29,213
3	2000 жылдың 31 желтоқсаны	29,213
4	2001 жылдың 30 маусымы	29,213
5	2001 жылдың 31 желтоқсаны	29,213
6	2002 жылдың 30 маусымы	29,214
7	2002 жылдың 31 желтоқсаны	20,449
8	2003 жылдың 30 маусымы	20,449
9	2003 жылдың 31 желтоқсаны	20,449
10	2004 жылдың 30 маусымы	20,449
11	2004 жылдың 31 желтоқсаны	20,449
12	2005 жылдың 30 маусымы	20,449
13	2005 жылдың 31 желтоқсаны	20,449
14	2006 жылдың 30 маусымы	20,449
15	2006 жылдың 31 желтоқсаны	20,449
16	2007 жылдың 30 маусымы	20,451

Жиыны: 365,165

## Жобанын сипаттамасы

## Жобанын Максаты

Жобаның басты мақсаты - Алматы-Гүлшат автожолының (597 шақырым) бөлігі болып табылатын 88 шақырымдық Алматы-Гүлшат автожолын (509-шақырымнан бастап 597-шақырымды қоса алғанда) қайта құру. Автожолды қайта құру онымен жүк алып жүру тиімділігін арттырады, көлік құралдарын пайдалану құны мен жолкөлік санын азайтады және Республиканың, атап айтқанда, бұл бөлік Алматы-Астана Магистралының маңызды бөлігі болып табылатындықтан жаңа астана - Астана қаласының дамуына көмек көрсетеді.

## Жобаның Компоненттері мен Құны

### (а) Жобаның Компоненттері Тиянақты Әзірлеуді және Тендерлік

Күжаттарды, Инженерлік-Кұрылымыстарын, Жобаны Орындау жөніндегі Қадағалауды және Топты қамтиды.

(б) Жобаның бағалау құны 12.32 млн. долларды құрайды, олардың ішінде 10.06 млн. АҚШ доллары шетел валютасындағы (82%) шығыстарды құрайды және 2.26 млн. АҚШ долларын құрайтын қалған бөлігі жергілікті валютадағы (18%) шығыстарды құрайды. Жобаны Заемшы (2.75 млн. доллар) мен Ислам Даму Банкі - 7.0 млн. ислам динары (шамамен 9.57 млн. АҚШ доллары) бірлесе отырып қаржыландырады.

Жоба 2000 жылдың 20 наурызында аяқталады деп күтіледі.

### III қосымша

#### Заем қаражаттарын алу

Қаржыландыру Жоспары және Қазақстан Республикасының Салымы

Сомасы млн. АҚШ долларымен

Көзі Банкі	Ислам Даму Республикасы	Қазақстан Барлығы	Қаржыландыру %-пен	
Тиянақты Әзірлеу және Тендерлік	-	0.15	0.15	1.2
Күжаттар				
Инженерлік-Кұрылымыстары	8.60	1.8	10.40	84.5
Жобаны Орындау	-	0.55	0.55	4.4

жөніндегі топ	0.10	-	0.10	0.8	
Күтілмеген Шығыстар	0.87	0.25	1.12	9.1	
Жиыны:	9.57	2.75	12.32	100.0	
Қаржыландыру %-пен	78	22	-	100	

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК